

**Қазақстан Республикасының
Президенті
Қасым-Жомарт Тоқаев мырзаға**

Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің 4-ші жобасы 2021 жылдың 28 қаңтарында жарияланды. Мен бұрынғы 3 жобаға өз пікірімді Сіздің атыңызға 3 рет хат жазғанмын. Оларға жауап ретінде менің хаттарым ҚР Білім және Ғылым Министрлігіне, ҚР Мәдениет және Спорт Министрлігіне жіберілгендері туралы ақпарат алдым. Олар мені өздерінің қарамағындағы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында және Ш. Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ұлттық ғылыми-практикалық орталығында баяндама жасауды ұсынды.

Мен қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің бұрын ұсынылған 3 жобасын талдап, қателерін дәлелдеп, өзімнің жобам туралы Тіл білімі институтында 3 рет, ал Тіл-қазына орталығында 1 рет баяндама жасадым. Бірақ олардан менің жобамды мақұлдауға болатындығы немесе болмайтындығы туралы негізделген шешімді ала алмадым. Нәтижесінде 2017 жылдан 2021 жылға дейін қате әліпбиді оқыту, оған сәйкес қате орфографиялық ережелерді даярлау, баспа материалдарын шығару, қазақ жазуын бір графикадан екінші графикаға автоматты аударатын қате программаларды әзірлеу және басқа керек емес ұйымдастыру шараларға жұмсалған мемлекеттік қаржы зая болды.


Қазақ тілінің келешегі оның латын графикасындағы әліпбиі ғана емес, **қазақ тілінде жасанды интеллектті** жасауда. Себебі оның ғылыми-технологиялық нәтижелерін экономикалық, әлеуметтік және басқа салаларымызға ендіру елімізді алдыңғы қатардағы дамыған елдерге жақындататыны сөзсіз. Осы мәселелерді Сізбен көзбе-көз жете талқылауға маған мүмкіндік беруіңізді сұраймын. Ақпарат мына сілтемеде:

https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt

Қосымша

«Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиі туралы» - 8 бет.

Алтынбек Шәріпбай



Мекен жай: Нұр-Сұлтан, Достық, 12, 27.
Телефон: 8 701 777 1652, 8 747 777 1652

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ТУРАЛЫ

Алғы сөз

Кез келген тілдің әліпбиін құрмастан бұрын, оның *дыбыстық жүйесін* айқындап алу керек.

Кез келген әліппбиге қойылатын талаптардың ең маңыздысы *әліпбидің дұрыстығы*. Олай болмағанда, әліпби қолдануға жарамсыз болады, себебі ол кейбір сөздерді дұрыс жаздырмайды және тілдің төл ережелерін қолданғанда қайшылықтар тудырады. Қате әліпбиді құрастыруға, жарнамалауға, оқытуға және орфографиялық ережелерді құрастыруға бөлінген уақыт пен қаржылар зая болатындығы белгілі.

Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің 4-ші жобасы 2021 жылдың 28 қаңтарында жарияланды. Бірден көзге түсетіні, әліпбидің бұл жобасы да, оның алдындағы 3 жобасы сияқты, қате құрылған. Демек 2017 жылдан бастап әліпби даярлауға кеткен қаржы бекер жұмсалды және 2023 жылға дейін жоспарланған қаржы да текке жұмсалмақ.

Әліпбидің 1-3 жобаларындағы қателерді дәлелдеп, олардан арылатын ұсыныстарым менің 2017-2020 жж ҚР Президентіне жазған хаттарымда бар (<http://e-zerde.kz/pageId37/>). Сондықтан әліпбидің 4-ші жобасын талқылаудың құрылымы да, әдеттегідей болады.

I. Қолданатын негізгі ұғымдар:

Аллофон – мағына ажыратпайтын және әліпбиде өзіне үндес фонеманың таңбасымен ғана таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

Диакритика – үндес фонемаларды таңбалайтын және дыбыстың екпінін және басқа қасиетін беретін әрпілердің үстіне, астына немесе жанына жазылатын таңба.

Фонема – мағына ажырататын, әліпбиде жеке таңбаланатын ең кіші фонетикалық бірлік.

II. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін айқындау.

Кез келген әліпби таңдалған тілдің дыбыстық жүйесіне (дыбыстардың құрамы мен жіктелімі) негізделіп құрастырылу керек. Сондықтан тілдің дыбыстық жүйесін айқындап алмай, оның әліпбиін құру бекер жұмыс.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін 1929 жылы анықталған күйінде қалдыруға болмайды. Себебі, ол кезде белгілі себептермен қазақ тіліне **халықаралық сөздер** (ғылыми, техникалық, нормативтік және басқа терминдер, адам аттары, ел атаулары, географиялық және басқа атаулар) жаппай енген жоқ, олар негізінен қазақ жазуын кириллицаға көшірген 1940 жылдан бастап енді және бүгінге дейін **Интернет** арқылы еніп жатыр. Бұны **ескі** дыбыстық жүйеге арналған жаңа латын әліпбиімен тоқтату мүмкін емес. Кез келген табиғи тіл, соның ішінде қазақ тілі, заманның талабына сай өзінің

дыбыстық жүйесін, емле-ережелерін өзгертіп, дамып отыратындығы белгілі. Оны заманауи қазақ тілінің дыбыстық жүйесін **айқындағанда** ескеру керек.

Қазақ тілінің кириллицадағы әліпбиінде **40** фонема таңбаланған: **15** дауысты (**а**), (**ә**), (**е**), (**ё**), (**и**), (**о**), (**ө**), (**у**), (**ұ**), (**ү**), (**ы**), (**і**), (**э**), (**ю**), (**я**); **25** дауыссыз (**б**), (**в**), (**г**), (**ғ**), (**д**), (**ж**), (**з**), (**й**), (**к**), (**қ**), (**л**), (**м**), (**н**), (**ң**), (**п**), (**р**), (**с**), (**т**), (**ф**), (**х**), (**һ**), (**ц**), (**ч**), (**ш**), (**щ**). Осылардың тек **28-і** қазақ тілінің *төл* дыбыстары, ал қалған **12-і** кірме дыбыстар.

Қазақ тілінің айқындалатын дыбыстық жүйесіне жұрнақ пен жалғауларда қолданылмайтын кірме (**ё**), (**э**), (**ю**), (**я**), (**щ**) дыбыстарын кіргізбей, латиницадағы жаңа әліпбиде таңбаламау керек.

Кірме **5** дыбыс (**ё**), (**э**), (**ю**), (**я**), (**щ**) қосымшаларда қолданылмайды, бірақ орфографиялық қайшылықтар тудырады. Сондықтан олар дыбыстық жүйеден шығарылады.

Кірме дыбыстардың ішінде **5** дауыссыз дыбыс (**в**), (**ф**), (**х**), (**ц**), (**ч**) *адамның тегін, жер атын және халықаралық терминдерді* жазғанда қолданып, қазақ тіліне еніп кетті. Мысалы, *Вагнер, Вьетнам, вагон, вексель, вектор, вето, виза, викторина, вирус, вольт, Форд, Франция, факт, файл, федерация, физика, филармония, фонетика, функция, Хомский, Хорватия, Хельсинки, Бухарест, Хуавей, халал, химия, хлор, хор, хром, хроника, Цезарь, Циолковский, Цой, Цейлон, Цюрих, цезий, цемент, циклотрон цилиндр, циркуль, Чайковский, Челюскин, Чад, Черногория, Чехия, Чикаго, Чили, Чита, чуваш, чукча*. Осы дыбыстардың қазақ тіліне етене енгендігі соншама, тіпті орыс тілін білмейтін қазақтардың *артикуляциялау органдары* оларды дыбыстауға бейімделіп кетті. Бұл кірме дыбыстардың барлығы жұрнақтар мен жалғаулардың құрамына кірмейді де, жаңа *сөзжасамдар* мен *сөзнішіндерге* қатыспай, қазақ тілінің жазбасында ешқандай проблема тудырмайды. Мұндай құбылыстар кез келген халықтың тілінде орын алған, оны тілдің даму тарихынан байқауға болады. Сондықтан (**в**), (**ф**), (**х**), (**ц**), (**ч**) дауыссыз фонемаларын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кіргізу керек, оларды қолданғаннан **қазақ тілі ешқандай зардап шекпейді**, керісінше олар халықаралық терминдердің айтылуы мен жазылуын олардың түпнұсқадағы айтылуы мен жазылуына жақындатуға себеп болады. Ал өте сирек пайдаланатын және жұрнақ пен жалғауларда кездеспейтін дауыссыз (**һ**) дыбысын өзіне үндес дауыссыз (**х**) дыбысының аллофоны ретінде қабылдауға болады.

Керісінше, орыс тілінен енген (**ё**), (**э**), (**ю**), (**я**), (**щ**) дыбыстары қазақ тілінің жұрнақ жалғауларында қолданылмайды, бірақ орфографиялық қайшылықтар тудырады. Сондықтан олар дыбыстық жүйеден шығарылады.

Халықаралық сөздерде жиі кездесетін кірме дауысты (**и**) мен (**у**) дыбыстары қолданыстағы әліпбиде қайшылықтар тудырды. Мысалы, «**ми**», «**би**» және «**ту**», «**гу**» деген сөздердің тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында «**ми+ы**», «**би+і**» және «**ту+ы**», «**гу+і**» болады да, “**Тәуелдік жалғауларының 3-ші жағында дауыстымен аяқталатын сөздерге «сы» немесе «сі» жалғанады, ал дауыссызбен аяқталатын сөздерге «ы» немесе «і»**

жалғанады” деген ережеге қайшы келеді. Себебі, ереже бойынша *«ми+сы»*, *«би+сі»* және *«ту+сы»*, *«гу+сі»* болуы керек. Ереже бойынша дұрыс сөздер мысалдары мыналар: ана+сы, әже+сі, ұл+ы, үй+і.


Егер (и) мен (у) дауыссыз болса, онда *«би»*, *«ми»* және *«гу»*, *«ту»* сөздерінде буын болмайды. Бұл *«Қазақ тілінде, қысқартылған сөзден басқа, әрбір сөзде ең болмаса бір буын болуы керек»* дегенге қайшы.

Егер (и) мен (у) дауысты дыбыстары түбір сөздерде кездессе *“Қазақ тілінде түбір сөздерде екі дауысты дыбыс қатар кездеспейді”* деген орфографиялық ережеге қайшылық тудырады. Мысалы, *«тиын»*, *«тиін»*, жауын, дәуір.

Егер қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әлпбиінде кірме (и) мен (у) дауыстыларын **фонемалар** ретінде қабылдап, **жеке әрпілермен** таңбаласақ, онда жоғарыда айтылған қайшылықтар сөзсіз туындайды.

Егер (и) мен (у) дауыстыларын қазақ тілінің төл дауысты (і) мен (ұ) фонемаларының, жеке таңбаланбай дыбысталатын, аллофондары ретінде қабылдасақ, онда жоғарыда айтылған қайшылықтар тумайды.

2012 жылы мен шәкірттеріммен бірге қазақ тілінің дауысты дыбыстарының математикалық моделдерін құрып, компьютерлік эксперимент арқылы қазақ тілінде ағылшын тілінің (w) фонемасына үндес жартылай дауысты дыбыстың бар екендігін дәлелдеп, шетелде мақала жарияладық (Sharipbay A., Yessenbayev Z., Karabalayeva M. Formant Analysis and Mathematical Model of Kazakh Vowels // Computer Modelling and Simulation. UKSim2012. – Cambridge, United Kingdom, 2012. - P.427-431, Scopus). Ол үшін фонетикалық қаныққан **тест** даярлап, оны әр аймақтардағы әртүрлі жастағы және жынысты қазақ тілді дикторлардың дауысымен айтылған акустикалық корпус құрастырылды. Экспериментке қатысқан **«тауы»** сөзінің спектрограммасы және амплитудалық дыбыстық толқыны 1-Суретте көрсетілген.



1-Сурет. «тауы» сөзінің фонетикалық сегменттелуі. А – спектрограмма, Б – толқын.

Осы жартылай дауыстының артикуляция үрдісінде өте шектелген кедергісі болады, сондықтан ол спектрограмма және дыбыстық толқын бойынша дауыстыларға ұқсас, бірақ ол олардан жиіліктің 11-15 КГц арасында энергияның жоқтығы байқалады, ал 1.Б-суретте жиіліктің 2 - 5 КГц тұсында амплитуданың өзгеруімен және осы жартылай дауыстының амплитудасы (*a*) мен (*ы*) дыбыстарының амплитудаларынан кіші екендігі көрсетілген.

Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне жартылай дауысты (халық аралық фонетикалық әліпбиде [w] болып таңбалатын) фонемасын кіргізу керек. Ол орыс тілінде жоқ, бірақ оның үндесі ағылшын тілінде бар, сондықтан оны (*w*) деп таңбалаймыз.

Қорытынды: Қазақ тілінің айқындалған дыбыстық жүйесіне 33 фонема, олардың ішінде 9 дауысты (*а*), (*ә*), (*е*), (*о*), (*ө*), (*ұ*), (*ү*), (*ы*), (*і*), 24 дауыссыз (*б*), (*в*), (*г*), (*ғ*), (*д*), (*ж*), (*з*), (*й*), (*к*), (*қ*), (*л*), (*м*), (*н*), (*ң*), (*п*), (*р*), (*с*), (*т*), (*w*), (*ц*), (*ф*), (*х*), (*ч*), (*ш*), 1 дауыссыз аллофон (*h*) және 2 дауысты аллофон (*и*) мен (*у*) кіретін болады.

III. Қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиінің 4-ші жобасындағы кемшіліктері.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның 2021 жылдың 28 қаңтарында әліпбидің 4-ші жобасын жариялады, ол 1-Кестеде көрсетілген.

1-Кесте. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның 2021 жылдың 28 қаңтарында жариялаған әліпби

№	латынша	кирилше	әріптің атауы	№	латынша	кирилше	әріптің атауы
1	Aa	А а	а	18	Oo	О о	о
2	Ä ä	Ө ө	ә	19	Ö ö	Ө ө	ө
3	Bb	Б б	бы	20	Pp	П п	пы
4	Dd	Д д	ды	21	Qq	Қ қ	қы
5	Ee	Е е	е	22	Rr	Р р	ыр
6	Ff	Ф ф	фы	23	Ss	С с	сы
7	Gg	Г г	гі	24	Şş	Ш ш	шы
8	Ğ ğ	Ғ ғ	ғы	25	Tt	Т т	ты
9	Hh	Х х, Н н	һы	26	Uu	У у	ұу
10	Ii	Й й, И и	йй	27	Ü ü	Ү ү	ұ
11	İi	І і	і	28	Û û	Ү ү	ү
12	Jj	Ж ж	жы	29	Vv	В в	вы
13	Kk	К к	кі	30	Yy	Ы ы	ы
14	Ll	Л л	лы	31	Zz	З з	зы
15	Mm	М м	мы	*С, Х, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолданылады.			
16	Nn	Н н	ны				
17	D ğ	Ң ң	ың				

1-Кестедегі әліпбиде мынадай қайшылықтар бар:

1. Негіздемде әліпби қазақ тілінің жазба практикасында бекітілген «**бір дыбыс – бік әрпі**» деген принципке сәйкес делінген. Бірақ 1-Кестенің 10-шы жолында бұл принцип бұзылған, себебі бірі қазақ тілінің **дауыссыз (й)** дыбысы, ал екіншісі қазақ тілінде жоқ орыс тілінің **дауысты (и)** дыбысы латынның **İ i** әрпісімен таңбаланған. Бұл қате, себебі:

- сөздерді буынға бірмәнді бөлмейді, мысалы **mai (май)** және **ma-i (ма-и)**;
- кейбір сөздердің жазулары дұрыс қабылданбайды, мысалы, латиницадағы «**bilik**» деген сөз **билик, билік, бйлик, бйлік** болып 4 түрлі сөз болып қабылданады;
- **(и)** және **(й)** дыбыстары қатар келетін сөздердің орфографиялық ережелерін дұрыс құруға мүмкіндік бермейді. Мысалы, «**дendarий, кадмий, литий**» дегендер «**dendarii, kadmii, litii**» болып дұрыс жазылмайды.

2. Негіздемде латын әліпбиінің базалық жүйесінің **31** символы қазақ тілінің **28** дыбысын толық камтиды делінген. Бірақ қазақ тілінің дауыссыз **(ң)** дыбысы базалық латын әліпбиіне кірмейтін **Ŋ ŋ** символымен таңбаланған. Бұл қазақ тіліндегі мәтінді компьютерде кейбір **шрифпен** теруге мүмкіндік бермейді, себебі осы **шрифттерде** оның **коды** жоқ және тұрпаты әртүрлі болады. Мысалы, **Ŋ ŋ** – Arial, **Ŋ ŋ** – Bahnschrift.

3. Әліпбиде латынның **U u** әрпімен қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне кірмейтін орыс тілінің дауысты **(у)** дыбысы таңбаланған. Бұл **(у)** дыбысына байланысты қазақ тілінің жазбасында жоғарыдағы қайшылықтар туады.

4. Әліпбиде қазақ тілінің жуан дауысты **(ү)** фонемасы латынның диакритикалық **Ū ū** әрпімен, ал жіңішке дауысты **(ұ)** фонемасы диакритикалық **Ü ü** әрпімен таңбаланған. Бұл қазақ тілінің дауысты дыбыбыстарын таңбалауды бір текті етпейді. Себебі жуан дауыстыларды үстінде диакритикасы жоқ жалаң латын әрпілермен, ал жіңішке дауыстыларды үстінде диакритикасы бар латын әрпілермен таңбалаған жөн: **(а) – A a, (ә) – Ä ä, (о) – O o, (ө) – Ö ö (ұ) – U u, (ү) – Ū ū, (ы) – I i, (і) – İ i.**

5. Әліпбиде, қазақ тілінде бар екендігі компьютерлік тәжірибемен дәлелденген ағылшын тілінің дауыссыз **(w)** фонемасына үндес қазақ тілінің **жартылай дауысты** фонемасы латынның **W w** әрпімен таңбаланбауы. Бұл жоғарыда көрсетілген қайшылықтарды тудырады.

6. Әліпбиде қазіргі қазақ тіліне ондаған мың халықаралық сөздер арқылы етене еніп кеткен дауыссыз **(ц)** және **(ч)** дыбыстары таңбаланбай қалған. Егер осы кірме **(ц)** және **(ч)** фонемаларын латынның **C c** және **Ç ç** әрпілерімен сәйкес таңбаланса, онда халықаралық сөздер өздерінің түпнұсқасымен бірдей немесе жақын жазылады да, қазақ тілінің жазуына ешқандай зиянын тигізбейді. Мысалы, *Цезарь* - *Cesar*, *Цейлон* – *Ceylon*, *цезий* – *cesium*, *цемент* – *cement*, *циклотрон* – *ciclotron*, *цилиндр* – *cilinder*, *цирк* - *circ*, *Чайковский* – *Çaikovsky*, *Челюскин* – *Çeluskin*, *Чад* - *Çad*, *Чехия*- *Çech*, *Чикаго* - *Çicago*, *Чили* – *Çile*, *Чита* – *Çita*, *чуваш*- *çuvaş*, *чукча* - *çukça*.

7. Әліпбиде әлемдегі барлық тілдердің латиницадағы әліпбиінде бар базалық латын әліпбиінің **X x** әрпісі қолданылмаған.

8. Әліпбидің соңында “С, Х, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шетелдік сөздерде қолданылады” деген ақпарат бар. **Бұл не? Қалай әліпбиге кірмеген әрпілер арқылы шетелдік сөздерді жазуға болады? Мұндай тәжірибе дүние жүзіндегі қай тілде бар? Түсініксіз.**

Қорытынды: Қисық-қиғаш ірге (фундаментке) қалаған кез келген үй құлап қалатыны белгілі. Сондықтан қисық-қиғаш әліпбиге негізделген клавиатура (пернетақта), орфографиялық және морфологиялық ережелер жарамсыз болады және оларды дайындауға жұмсалған / жұмсалатын мемлекеттік қаржылар зая кетті / кетеді.

IV. Қазақ тілінің латын графикасындағы жаңа әліпбиі.

Қазақ тілінің көп дыбыстары акустикалық белгілері бойынша басқа табиғи (ағылшын, француз, орыс және басқа) тілдердің дыбыстарға өте ұқсас, бірақ кейбіреуінің қазақ тіліне ғана тән ерекше сипаттамалары бар.

Латын графикасындағы қазақ мәтінін оқуды жеңілдету үшін әртүрлі диакритикалық таңбалар қолдануды ұсынылады:

- жіңішке дауысты (ә), (ө), (ү) үшін әрпі үсті диакритика «екі нүкте» **Ä ä, Ö ö, Ü ü;**

- жуан дауысты (ы) үшін нүктесіз «теріс» диакритика **І і;**
- дауыссыз (ң) үшін әрпі үсті диакритика «тильда» **Ñ ñ;**
- дауыссыз (ғ) үшін әрпі үсті диакритика «қарғаша» **Ğ ğ;**
- дауыссыз (ч), (ш) үшін әрпі асты диакритика «үтір» **Ç ç, Ş ş;**
- кірме (и) мен (у) дыбыстарын өздеріне үндес қазақ тілінің төл дауысты (і) мен (ү) фонемаларының аллофондары ретінде қабылдап, жеке әрпілермен таңбаламай (і) мен (ү) фонемаларының әрпілерімен сәйкес таңбалау керек. Бұл қазақ жазбасында ешқандай қайшылықтар тудырмайды. Мысалы, *institut, intellect, internet, minimum, supremum, uniforma, universitet.*

- қолданылмай қалған базалық латын әліпбиінің **X x** ұсынылатын қазақ тілінің латын графикасындағы әліпбиіне кіргізу керек. Бұл халықаралық сөздерді түпнұсқасымен бірдей немесе оған жақын жазуға мүмкіндік береді. Мысалы, *axelerat* [akselerat], *axis* [aksis], *box* [boks], *context* [kontekst], *expert* [ekspert], *export* [eksport], *maximum* [maksimum], *mixer* [mikser], *Oxford* [Okspord], *taxi* [taksi], *Texac* [teksas], *Xerox* [Kseroks], мұнда тік жақшаның ішінде халықаралық фонетикалық әліпбидегі транскрипция.

Қорытынды: Қазақ тілінің жаңа әліпбиін дауысқа салып шешпей, тілдің фонетикасы мен грамматикасының математикалық моделдерін құрып, компьютерлік программаларды даярлап, эксперименттер арқылы нәтижелер алып жүрген шетелде кең танымал ғалымдарға тапсыру керек.

Олардың еңбектері туралы ақпарат мына сайттарда <http://e-zerde.kz/>, https://inbusiness.kz/ru/tv_programs/sandy-azastan-186/zhasandy-intellekt және <http://www.turklang.net/ru/>.

Талданған әліпбидегі жоғарыда көрсетілген қателерді түзетіп және қазақ тілінде ешқандай орфографиялық қайшылықтар тудырмайтын латын графикасында жаңа әліпби **2-Кестеде** ұсынылады.

2-Кесте. Қазақ тілінің дыбыстары және олардың таңбалануы

№	Ұсынған латын әліпбиі	Халықаралық фонетикалық әліпби	Unicode		Істегі кирилл әліпбиі	Түсіндірме
			Үлкен	Кіші		
1	A a	[ɑ]	0041	0061	А а	ХФӘ-дегі сияқты
2	Ä ä	[æ]	00C4	00E4	Ә ә	Неміс, түркмен сияқты
3	B b	[b]	0042	0062	Б б	ХФӘ-дегі және сияқты
4	C c	[tc]	0043	0063	Ц ц	Ағылшын, француз және басқалар
5	Ç ç	[tʃ]	00C7	00E7	Ч ч	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
6	D d	[d]	0044	0064	Д д	ХФӘ-дегі және сияқты
7	E e	[e]	0045	0065	Е е	ХФӘ-дегі және сияқты
8	F f	[f]	0046	0066	Ф ф	ХФӘ-дегі және сияқты
9	G g	[g]	0047	0067	Г г	ХФӘ-дегі және сияқты
10	Ğ ğ	[ɣ]	01E6	01E7	Ғ ғ	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
11	H h	[h]	0048	0068	Х х, һ һ	Ағылшын, француз және басқалар
12	I ı	[ɯ]	0049	0131	Ы ы	Түрік тілі сияқты
13	İ i	[ɪ, i]	0130	0069	І і	Кірме (и) төл (і)-дің аллофоны
14	J j	[ʒ]	004A	006A	Ж ж	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік
15	K k	[k]	004B	006B	К к	ХФӘ-дегі және сияқты
16	L l	[l]	004C	006C	Л л	ХФӘ-дегі және сияқты
17	M m	[m]	004D	006D	М м	ХФӘ-дегі және сияқты
18	N n	[n]	004E	006E	Н н	ХФӘ-дегі және сияқты
19	Ň ñ	[ɲ]	00D1	00F1	Ң ң	Түркмен сияқты
20	O o	[ɔ]	004F	006F	О о	ХФӘ-дегі және сияқты
21	Ö ö	[ø]	00D6	00F6	Ө ө	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
22	P p	[p]	0050	0070	П п	ХФӘ-дегі және сияқты
23	Q q	[q]	0051	0071	Қ қ	Qazaq
24	R r	[r]	0052	0072	Р р	ХФӘ-дегі және сияқты
25	S s	[s]	0053	0073	С с	ХФӘ-дегі және сияқты
26	Ş ş	[ʃ]	015E	015F	Ш ш	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
27	T t	[t]	0054	0074	Т т	ХФӘ-дегі және сияқты
28	U u	[ʊ, u]	0055	0075	Ұ ұ	Кірме (у) төл (ұ)-дың аллофоны
29	Ü ü	[y]	00DC	00FC	Ү ү	Әзербайжан, түркмен, түрік сияқты
30	V v	[v]	0056	0076	В в	ХФӘ-дегі және сияқты
31	W w	[w]	0057	0077		Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
32	X x	[ks]	0058	0078		Кирилл әліпбиінде таңбаланбаған
33	Y y	[y]	0059	0079	Й й	Әзербайжан, өзбек, түркмен, түрік
34	Z z	[z]	005A	007A	З з	ХФӘ-дегі және сияқты

Әрпіні экранға шығару үшін оның кодын теріп, Alt және X батырмаларын бірге басу керек.

3-Кесте. Қазақстан Республикасының Ел ұраны

Qazaqstan Respublikasınıñ El uranı

Қолданыстағы әліпбиде

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Usınğan älipbiyde

Altın kün aspanı,
Altın dän dalası,
Erliktiñ dastanı,
Elime qaraşı!
Ejelden er degen,
Dañqımız şıqtı ğoy.
Namısın bermegen,
Qazağım mıqtı ğoy!

Qayırması:

Meniñ elim, meniñ elim,
Güliñ bolıp egilemin,
Jırıñ bolıp tögilemin, elim!
Tuwğan jerim meniñ – Qazaqstanım!

Urpaqqa jol aşqan,
Keñ baytaq jerim bar,
Birligi jarasqan,
Täwelsiz elim bar,
Qarsı alğan waqıttı,
Mäñgilik dosınday,
Bizdiñ el baqıttı,
Bizdiñ el osınday!

Ескерту: Кириллица негізіндегі әліпбиде жазылған Қазақстан Республикасының Ел ұраны мәтінінде кездесетін ‘у’ әрпі ‘Республика’, ‘Туған’ деген сөздерде дауысты дыбысты, ал ‘Тәуелсіз’ ‘уақытта’ және деген сөздерде дауыссыз дыбысты таңбалап тұр. Бұл қазақ тілінің ешбір ережесіне сәйкес келмейді. Сондықтан қазақ тілінің латын графикасындағы жоғарыда ұсынылған дұрыс әліпбиін қабылдау өте өзекті мәселе.

Алтынбек ШӘРІПБАЙ

«Қазақстан жасанды интеллект академиясы»

қоғамдық бірлестіктің Президенті, техника ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты